

Көшеге атау беру туралы

Түркістан облысы Шардара ауданы Көксу ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 65 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 13 тамыздағы қорытындысы негізінде, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Шардара ауданының Көксу ауылдық округіндегі "Кеңес" көшесінің атауы "Жекен Белькешов" көшесі деп аталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл әкімінің орынбасары Н.Атаевқа жүктелсін.

Ауыл әкімі

Б.Кошхарбаев